Құттықтаймын мерекеңмен,
Құрметті Аналар!

**Қасиет**

Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

**Айкөркем**

Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түземіз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

**Жалғас**

Бәрімізге анамыз
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мерекең
Құттықтаймын анашым!

**Тәрбиеші:**

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегіңді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық «Мамочка биін»

**Тәрбиеші:**

Балалар, туған күнде, мерекелерде аналарымыз дастарханға қандай тәтті тағамдар салады?

Дұрыс айтасыңдар, кәмпитті балалар да, үлкендер де жақсы көреді. Кәмпитсіз дастарханның сәні кірмейді.

*(әсем әуенмен залға «Кәмпит –Ханшайым» кіреді)*

**Кәмпит-Ханшайым:**

*(кіріп билейді)*

Мен тәттімін,
Балалардың сүйікті дәмімін,